

Оқушылар үшін өң қызықты мезгіл – жаз маусымы. Үш ай демалыста балдырғандар асыр салып ойнап, бір жасап қалады, жаңа эмоция мен жақсы әсер жинайды. Ал көптен күткен демалыстың көркін келтіретін жазғы лагерь емес пе?! Баланың балалық шағын, бос уақытын ұйымдастыруға алдымен ата-ана жауапты десек, оқу жылы аяқталысымен олар да, оқушылар да жазғы лагерьдің бірін таңдауға асығады. Шаттыққа толы ұмытылмас естеліктер тап сол жазғы демалыс лагерьлерінен бастау алары сөзсіз. Ендеше, лагерьдегі демалыс қаншалықты тиімді? Сан мен сапа сай келе ме?

Сыр өңірінде лагерь саны аз емес. Облыс бойынша 1-10 сынып аралығындағы 163 399 баланың 100 мыңнан астамы

бала тынығатын болады. Сонымен қатар облыс бойынша мектептің күндізгі тынығу лагерьлерінің жұмысы ұйымдастырылады. Мектептер арқылы 98 мыңға жуық оқушыны лагерьмен қамту жоспарланды» деп айтып өтті.



Оқу-ағарту министрлігі мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлескен «Жаздық сауықтыру және демалыс жолдамасы» жобасы аясында да облысқа 600 орынға квота бөлінген. Ал «Жасыл ел» әлеуметтік жобасы аясында 1871 оқушы мен студент маусымдық жұмыспен қамтылмақ. Тегін лагерь – балалар үшін таптырмас сый. – Естеріңізге сала кетейін, жазғы тынығу лагерьлеріндегі демалыспен бірінші кезекте ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар қамтылады. Бұдан бөлек 1 326 бала жергілікті жердегі мекенаттар мен кәсіпкерлердің демеушілігімен облыстан тыс жердегі лагерьлерде демалатын болады, – деді Мейрамбек Зинабидінулы. Иә, квота мен тегін демалыстар балаларға да

қуаныш сыйлап тұр. Ал сапа ше? Өңірдегі ірі лагерьлердің бірі – мемлекеттік «Қамбаш» олимпиада және қосымша білім беру орталығы. Жыл сайын Қамбаш көлі жағасында облыстың тұс-тұсынан жиналған балдырғандарға арналған жазғы тынығу лагерьі ұйымдастырылады. Мойындау керек, бұл облыстағы оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізуге таптырмас орын. «2023 жылдың жазында біздің орталық 10 күннен 7 ауысым жұмыс жасайды. Әр 10 күнде 130 бала келеді. Балалар күтіп алған алғашқы күні ата-аналарымен байланысады. Іште тәртіп темірдей. Содан кейін балалардың телефонын аламыз, әр 2 күн сайын беріп отырамыз. Қалған уақытта ата-аналар менімен немесе мұғалімдермен тікелей хабарласып отыру арқылы біліп отырады. Әр ауысымға жеке жоспар даярлаймыз. Келген бетте 130 баланы 6 топқа бөліп, түрлі сайыстар ұйымдастырамыз. Топтық сайыстарда ұлай жинап, ауысымның 10-күні жабылу салтанаты болғанда үздік топты анықтаймыз. Қазір лагерьде 17 үйірме бар. Мәселен, футбол, волейбол, дебат, актерлік шеберлік, мобилография, вокал, бейнелеу, қолөнер. Балалар таңертөң көдімігін салқын суға жуынады. Көл жағасында таңғы жаттығу болады. «Еңбек десанты» деп аталатын балаларды еңбекке үйретуге бағытталған іс-шара жүргізіледі. Үйірмеге 2 сағаттық сабаққа кіріп, одан кейін түрлі ойындар арқылы топтық сайыстар болады. Балалар күніне 1 сағат көлге түседі. Кешке дискотека ұйымдастырылады. Мұнда «Камбаш FM» радиосы

жұмыс жасайды. Келіп түскен хаттармен танысады. 5 мезгіл дәуремдірілген ас ішеді. Келетін балалардың 80%-ы аз қамтылған отбасылардан. Сонымен бірге Қызылордадағы «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар үйінен 62 бүлдіршінге теңдер ұтып алдық, бастапқы 10 бала келіп, алғашқы ауысымға қатысты. Басқа лагерьлерден ерекшелігіміз – көп, жетіарал ойыны, мұғалімдік жасақ. Балаларға дұрыс көңіл бөлеміз, олардың бос уақыты болмайды. Ауысым соңында балалар бір-бірін, жетекшісін қимай, жылап қостасып жатады», – деді «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Тәжеди. Сапаның сын көтерерін айтып өтті басшылар. Ал балалар не дейді? «Қамбаш» лагерьіне алғаш келуім. Маған бұл жер ұнап жатыр. Тәртіп бар. Алайларымыз ерекше махаббатпен қарайды. Күн сайын түрлі іс-шара болады. Көлге шомылып, рахаттанып демалдық. Психология үйірмесіне қосылдым. Беретін тамақтары да көңілден шықты. Біраз оқушылармен танысып, достасып үлгердім», – дейді «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар үйінің тәрбиеленушісі Павел Двоенгазов. Иә, қолжетімді болып, құны мен құндылығы сай келсе, жазғы демалыста лагерьге барғанға не жетсін?! Демалыс балалардың негізгі сабақтан босап, өз қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Жазғы тынығу лагерьі – балалар жаңа таныстық жасайтын алғашқы саты. 10 күн болса да өз бетімен шешім қабылдап, қоғамдық өмірге араласады. Ал балалардың бос уақытын ұйымдастыру – ата-ананың ғана емес, қоғамның, тұтас мемлекеттің міндеті.

жазғы тынығу лагерьінде демалады. 2 маусымнан бастап аймақтағы 10 лагерь өз жұмысын бастады. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағамбет «Қазіргі таңда облыста 9 лагерь жұмыс жасап тұр. Оның ішінде 7-еуі мемлекеттік болса, 2-еуі жеке. Биыл 7 ауысым бойынша 8190



Жалғасы. Басы 1-бетте

Әлеуметтік дүкен ашылса, бәркін аспанға атып қуанып, жабылса жабырқап, жұртшылықтың көңілі жүдейтіні рас. Дегенмен мұның да әуеслесі мен әуресін сезген соң үй жанындағы дүкенге де табан тірейтіндер көбейген. Әлеуметтік дүкендердің жағдайы әрқалай. Бәрінде баға бағамы бірдей болғанымен, бірінші сәресінде өнім толық әрі таза болса, енді бірінде тып-типыл жоқ. Осыған орай кей тұрғындар риза болып алғысын жеткізсе, келесісі шағымын айтып, мини маркеттердің өнімін тұтынатынын тілге тиек етті. Қымбатшылыққа ұрынбасын деп халық қамын ойлап ашылған дүкендердің тынды да сыпырып алатынын сөз еткен болатынбыз. «Шықпа жаным, шықпамен» шықылдап жүргенде, айлықтың азық-түліктен арылмайтыны, артылған ақшаның керек-жарақ алуға да жетпейтіні көптің көңілін құлаздытады. Дей тұрғанмен, әлгідей іздегені табылмайтын

әлеуметтік дүкеннен үмітін үзіп, базардан яки басқа дүкендерге бас сұғатындар баршылық. Талай адам есігін тоздырған аталған дүкеннен жұмыртқаның өзі табылмай жұқанап отырса, өнімді өзгеден іздегенде не істемек?! Одан бөлек, былтыр шекердің шарықтаған бағасы жұрттың шамына тиіп, шу да шығып еді-ау. Содан көпшілік шүйлікпей-ақ, дүкен-дүкенді дымны қоймай аралап, әлеуметтік дүкеннің өзінен өзгеріс тапты. Таңның атысынан өнім шаншар орын болмайтын кезекте кептеліп тұрып, көптен іліккен қолына алып қайтатын. Баға мен сапа, өнім мен оның қоры сөз болғанда туындайтын дау да жоқ емес. «Қант тапшылығы қайта болуы мүмкін» дегенді естігендер есенгіреп те қалды. Тіпті, тұрғындардың сөзінен әлеуметтік дүкенге қант өзі аз келеді екен. Өйтеуір өнімді қоймаға үйіп, кейін тағы тапшылық деп тыпырап қалмаса игі. Әлеуметтік дүкендердегі бағаның нарықтық бағадан төмен

болғанымен, кей өнімнің сапасына сын айтылады. Тіпті, кей бағалар супермаркеттердің бағасына жақындап қалған. Жұртшылық «арзанның сапасы татымайды» деп айтудан аулақ. Десе де көңілдің көншітпейтінін жеткізіп, бағасы сал қымбат болса да, құрт түспеген қажетті өнімін, керек азығын алуға бекінген. Хош. Картоп, сәбіз секілді өнімге қарық болып жарымаса да, нан алып көңіл мен қарынды тоқ етуге болады. Түскі уақытта келетін жұп-жұмсақ нан тәбетті ашып-ақ жібереді. Тым құрығанда нанның қатып тұрмағанына іштей қуандық. Бір дүкеннің табалдырығын аттай беріп, есігінен енгеннен-ақ толы өнімді көріп көзі жайнап, енді бірінше бас сұғып біріл-жарым тауар мен көкөністен соң жарым көңіл күйде қалатыны содан екен. – Азық-түлікті үй жанындағы әлеуметтік дүкеннен аламыз. Бағасы қалтаға қонымды демесең, көкністер сапасы көңіл көншітейді. Нанды да түстен кейінгі уақытта таппай қаласың. Кей дүкендер



ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫНДА ТАПШЫЛЫҚ БАР МА?

таразыдан жеп, болмаса бағаны үстемелеп жібереді. Қазір бұрынғыдай емес, базар бағасы тұрақталғандай. Сондықтан күннің қайнаған ыстығында да базарға жөнеліп, қажетімізді аламыз, – деді қала тұрғыны А.Смайл. Дерек бойынша тұрақтандыру қорында 854,9 тонна өнім және 220 мың дана тауық жұмыртқасы бар болса, 814,5 тонна ұн контрактіленіп, қажеттілікке қарай жеткізілуде. Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасын тұрақтандыру мақсатында ерте өнімнен 30 қырыққабат, 30 тонна пияз, 30 тонна сәбіз сатып алынып, әлеуметтік дүкендер мен ірі сауда

орындарында ашылған әлеуметтік бұрыштарда ресми нарықтық бағадан төмен бағада өткізілуде. – «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-ы тауар өндірушілермен 4822 тонна көкөніс өнімдеріне келісім шарттар жасалды. Оның ішінде 2791 тоннаға, атап айтқанда форвардтық негізде 1545 тонна картоп, 800 тонна пияз, 446 тонна сәбізге қаржысы аударылса, қалған көлеміне өнімді жеткізілуіне қарай төленетін болады. Форвардтық келісім шарт негізінде жеткізілетін көкөніс өнімдері белгіленген мерзімде жеткізіліп, әлеуметтік дүкендер мен ірі сауда

орындарында ашылған әлеуметтік бұрыштарында мақсатында 4 күрші өндіруші кәсіпорнымен сауда үйлеріне 350 теңгеден күршілен қамтамасыз етіп, 380 теңгеден сату келісілді. Жыл басынан апта сайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілуі бойынша 116 жәрмеңке ұйымдастырылды, – деді облыстық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ерхан Ағыбаев. Былай қарасаң, барлық келісім жасалып, тон пішіліп қойған.

Ақниет СҮЙЕНІШ

Сөзге сенсек, тұрақтандыру қорында тапшылық болмайтын тәртізді. Енді нәтиже нанымды болса жақсы. Онсыз да шарықтаған бағаның шамасын қозғал көпшіліктің ойы күлті болды. Біреу-біреуге аузынан жырлып азығын бермейді, ал баға төмендесе, көптің айы оның тауары хақ. Өйтпесе жұмысынан қалжырап келгендер тұйтылған тереңнен бойласа, қараптан-қарап тауы шағалыда. Қалтасын қағып жүрген әлеумет те әлеуметтік дүкеннің есігін қылып, терезесінен сығалап қарамаса болғаны. Аталған мәселе қоғамда қозғалған сайын, айтылатын пікір де азаар емес. Білік басындағы бұқараға себеп-салдарын түсіндіріп терлес, халық шайрайлы шешім күтіп өпек болады. Ендігі талап орындары сақталып, қоспағар сай жұмыс жүргізілсе бәрі оңылар. Бәлкім қымбатшылықтың құдайына қарсы тұрар қауқар да пайда болар.

Нәзік АХМЕТ



Қазақстандықтардан түсетін салық — мемлекеттік кірістің бір бөлігі. Алайда жеке меншігіне тиесілі салықты төлемей, жылдар бойы қашып жүретіндер бар. Осы орайда Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Жорабек Набиұлымен өңірдегі салық төлеу мәдениеті жөнінде сұхбаттасқан едік.

«САЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ӘЛІ ДЕ ӘЛСІЗ»

— Жеке меншікке салық төлеуде кімдерге жеңілдік қарастырылған?
— Салық Кодексінің 526-бабы 2-тармағына сәйкес жеке тұлғаларға мүлік салығы бойынша келесідегі жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Егерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен атанғаны ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көпбалалы аналар, бөлек тұратын зейнеткерлер — меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жинауын 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым — 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысының ардагерлері және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым — 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысының ардагерлері және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, Кенес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен атанғаны ие болған немесе «Алтын алқа» алқасымен наградталған көпбалалы аналар, бөлек тұратын зейнеткерлер — меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жинауын 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым — 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысының ардагерлері және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, Кенес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен атанғаны ие болған немесе «Алтын алқа» алқасымен наградталған көпбалалы аналар, бөлек тұратын зейнеткерлер — меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жинауын 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде.

соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер — меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жинауын 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде, жетім балалар және 18 жасқа толғанға дейінгі кезеңге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жеңілдік бар.
— Ал КР Салық Кодексінің 490-бабына сәйкес меншігіндегі бір автотөлік құралы бойынша:
1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым — 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, Кенес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен атанғаны ие болған немесе «Алтын алқа» алқасымен наградталған көпбалалы аналар, бөлек тұратын зейнеткерлер — меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жинауын 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде.

адамдар, Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Батыр ана» атағына ие болған немесе «Алтын алқа» не «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көпбалалы аналар;
2) меншігінде мотоциклдары мен аутомобильдері бар мүгедектер көлік құралы салығын төлеушілер болып табылмайды.
— Өңірде салықтан жалтаратындар көп пе?
— Кірістер органдары салық төлеуші (салық агенті) ұсынған есепті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде камералдық бақылау жүзеге асырылады.
Осыған сәйкес, салықтан жалтару фактісі анықталған жағдайда кірістер


шектеу тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.
— Салық төленбесе, мүлік иесінің қарбалары бұғатталып, іс сотқа жіберіледі. Ал салық төленген сәтте сот орындаушыға қанша пайыз беріледі?
— Бұл сұрақтың жауабы да арнайы заңда қарастырылған. Бәйбіше бюджет есебіне ендірілмеген жағдайда жеке сот орындаушыларға бағдарламалар арқылы салық бұйрықтары жолданады. Осыған байланысты, жеке сот орындаушылар өз қызметіне сәйкес мәжбүрлі өндіру шараларын қабылдайды. Нақтырақ айтар болсақ;
— атқарушылық құжаттарды орындайды;
— борышкерлердің ел аумағынан шығуын уақытша шектейді;
— мерзімді орындау үшін борышкерлердің жұмыс орындарына атқарушылық істі жолдайды;
— жүргізуші куәлігіне шектеу салады;
— борышкерлердің мүліктеріне тиым салады;
— мүліктен ендіріп алу және бәйбішектің төлеуден жалтарып жүрген борышкерлерді әкімшілік жауаптылыққа тартады.
Өз қызметіне сәйкес 25 пайызға дейінгі өндірісте тұрған сомаға сәйкес қызметіне ақы алады.
— Мемлекеттік кіріске бір жылда қанша салық төленді?
— Өткен жылы жалпы мемлекеттік бюджетке 109 млрд 487,8 млн теңге түсім түсіп, 2021 жылмен салыстырғанда 18 млрд 288,7 млн теңгеге артты. Оның ішінде республикалық бюджет түсімі 67 млрд 432,2 млн теңгеге құрады. Ал жергілікті бюджет түсімі 42 млрд 55,6 млн теңге болып, 2021 жылмен салыстырғанда түсім 3 млрд 849,9 млн теңгеге артқан. Дегенмен салық төлеу мәдениеті енді ғана қалыптасып келеді.
— Сұқбатыңызға рақмет!
Өңірлік басқару Дина БӨКЕБАЙ



Бұған дейін АҚШ-тың бөделді «The National Interest» журналында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еуразиядағы құрылымды жағдай Қазақстанның дамуын бәсеңдетпейді» мақаласы жарияланған болатын. Мақалада Қазақстанды реформалау және жаңғырту жөніндегі негізгі бастамалар ең алдымен, халық көтерген экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталу тиістігі айтылады. Бұдан бөлек, ел экономикасын монополиядан арылту мәселесі қозғалып, «жүйе тек таңдаулы адамдар үшін ғана емес, азаматтардың игілігіне қызмет етуі керек» деген түйін бар.

Осыдан соң көп ұзамай арнайы жарлықпен шетелге заңсыз шығарылған қаржыны елге қайтарумен айналысатын ведомстваралық комиссия құрылғаны есте. Оның көмегімен қажетті құжат дайындалды. Мұнда заңмен реттелетін құқық қатынастарының субъектілерін анықтау, заңсыз шығарылған активтердің шығу тегін ашу, растау және оларды қайтару тетіктерін регламенттеу, оны мемлекетке өз еркімен беруді ынталандыру жайы тарқатылған және ол көп ұзамай Парламент Мәжілісіне жолданды. 13 маусымда депутаттар оны екінші оқылымда мақұлдап, Сенатқа жіберді. Бірақ «Құжат қолды болған байлықты қайтаруға қауқарлы ма?» деген сауал турасында пікірталас әлі азаймай тұр. Мысалы, заңгер Бүклет Тоқұлов біреудің мүлкіне мемлекеттік бюджет есебіне төркілеу үшін азаматтық соттың немесе қылмыстық соттың шешімі қажет деген пікірде. «Сот жүйесі дамыған елдердің соттары қуатты. Оларда судья ішкі шешім қабылдағанды көзде нең ойлайды, мүмкіндігі де зор. Ал Қазақстанда сот жүйесі оңай құлты емес. Заң бұзғанының қиын жері сол — нормалары нақты жазылмаған, ауқымы тым кең. Тағы бір қауіп — заң дәл осындай түсініксіз, бұлыңғыр күйінде қалса, елдің инвестициялық климатына нұқсан келеді. Себебі Қазақстандағы бизнеске инвестиция жасамасқы болып жүрген тұлғалар

ондай ойдан бас тартуы не оны біраз уақытқа кейінге қалдыруы мүмкін. Мысалы, біреу мұнай өңдеу зауытына ақша салғысы келді делік, бірақ жаңа заң қабылданса, ол актив басқа біреудің меншігіне өтіп кетуі мүмкін деген қауіп туады. Себебі зауыт орналасқан жер бұрын кімдікі болған, заң оған қалай қолданылады, онда меншік құқығы қорғала ма, осындай қауіптен қорыққан инвесторлар түпкәлем бармауы мүмкін. Активтерді қайтару туралы арнайы заң болмаса, мүлікті тек қылмыстық іс қозғап төркілеуге болады. Ол бір жылдан бес жылға дейін созылуы мүмкін. Ол кезде прокуратура қалай болғанда да мүлік заңсыз жолмен алынғанын сотқа дәлелдеуге тиіс. Ал жаңа заңның артықшылығы сол — мүлік заңды жолмен алынғанын сотта жауапкер дәлелдеуге тиіс», — дейді ол. Бұл ретте тағы бір маңызды фактен бәліссек. Тізімге енгізілген жиынтық мөлшері айлық есептік көрсеткіштің 13 миллион еселенген (шамамен 45 миллиард теңге) мөлшеріне тең немесе одан асатын активі бар адамдар ғана енеді делінген. Тізімде олар бір жыл тұрады. Бір жыл ішінде активі заңсыз екені дәлелденбесе, лезде тізімнен шығарылады. Кейін оны тізімге қайта енгізуге рұқсат жоқ екен. Бұл ретте «Ақ жол» партиясының депутаты Ерлан Барлыбаев мұндай тізімнің түзілігіне наразы.



Ал заң жобасы бойынша жұмыс тобының мүшесі, депутат Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, заң ең ірі олигополия өкілдерімен күреске бағытталған, сондықтан капиталы 100 миллион доллардан (13 миллион еселенген АЕК) кем тұлғалардың активтерін тексеруге уақыт кетіру қажет емес. Оның сөзін бас прокурордың орынбасары Ұлан Байжанов та қуаттай кетті. Себебі, активі 100 миллион доллардан кем тұлғалардың байлығына күмән болса, қолданыстағы басқа заңдар бойынша да жауапқа тартуға мүмкіндік бар. Заңсыз активі бары дәлелденгендерге қатысты толық ақпарат сот шешімінен кейін ғана жария болады. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Мәжіліс депутаты Мақсат Раманқұлов Қаржы мониторинг агенттігіне осы мәселе бойынша сауал жолдаған болатын. Ол депутаттар 10 жыл бойы «Панама тізімі», «Парадис досы» сияқты Швейцария банктеріндегі қазақстандық есепшоттарға қатысты бірнеше рет сұрақ қойғанын да атап өтті. Депутат Tax Justice Network халықаралық ұйымының мәліметін дереккөз ретінде алға тартып, соңғы 25 жылда елімізден шетелдік офшорларға шамамен 140-160 млрд доллар шығарылғанын мәлімдеді. Бұл бүкіл елдің жылдық жалпы ішкі өнімі мен оның сыртқы қарызына тең екені де сол кезде айтылған болатын. Ал Қаржы министрлігі шетелдегі әріптестерімен байланысып, қай мемлекетте отандық олигархтарға тиесілі

мүлік барын анықтамақ. «Басқа мемлекеттерден салық органдарымен ақпарат алу арқылы «факто» деген келісім-шарт бар сол арқылы да қараймыз. Оның үстіне «Балс» деген жабық бар. Бұл — салықтан жалтару, ақшаны жасыруға қарсы шаралар. Осыған қарсы іс-шаралар қабылданып жатыр» делінген Қаржы министрлігінің ақпаратында. Бұған қоса Еуроодақ та Қазақстаннан «қанша» қаржыны қайтаруға жәрдемдеседі деген жағымыз жаңалық тарайды. Орталық Азия жөніндегі арнайы өкіл Тери Хакапа Сьбайлға жеке қоржынына қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектеновпен кездесу барысында осындай дерек берді. P.S. Сандарды сөйлетсек. Бытыр жыл соңында иштелден 82 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат Қазақстанға қайтарылған. Нәтижесінде ел бюджеті 38 млрд теңгеге толығыпты. Сьбайлға жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі арқылы елге қайтарылған қаражат мектеп салу мен жөндеуге жұмсалмақ. Деректер бойынша иштел асқан ел байлығы көрі қайтарылып, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қорына жіберіліп жатыр. Қазір арнайы шотта шамамен 120 млрд теңге жинақталған. Ол қаржы ел аумағында жаңа мектептер салуға және ескі мектептерді жөндеуге пайдаланылады. Кезінде иштел асып, офшорларға тыйылған қаражатты қайтару жұмыстары тұңғыш иштеліп қалмақ емес. Бұл бағытта алда әлі талай жұмыс атқарылатыны сөзсіз. Бастысы, үміт үзбеу. Себебі, судың да суыры бар екені қашаннан анық қағида.



мамандарға берілетін бірреттік көтерме жәрдемақыны, әр отбасы мүшесіне, яғни адам басына 150 (АЕК) айлық есептік көрсеткішке (520 мың теңгеге) дейін арттыру керек», – деді



депутат. Оның сөзіне қарағанда ауылдар түгiлi кейбiр аудандардың өзiнде «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының критерийлерiне сәйкес келетiн тұрғын үйлер жоқ. Сондықтан да жас мамандарға 5 млн теңгеге кредит бергенше, жана үйлер салып беру немесе баспана сатып алуға және салуға берiлетiн несие мөлшерiн 3000 айлық есептiк көрсеткiшке (10 млн теңгеге) дейiн ұлғайту қажет. «Бағдарлама аясында ауылдарға баратын мамандардың 70% жас отбасылар болғандықтан, мiндеттi еңбек өтiлiмiн 3 жылдан 5 жыл немесе 7 жыл аралығына дейiн ұзарту қажет», – дедi Наурыз Сайлаубай.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2009-2022 жылдар аралығында «Дипломмен ауылға» жобасы арқылы 45 мың маманға тұрғын үй сатып алу үшiн кредит берiлдi. Бiздiң облыста аталған бағдарламаны жастар толық қолдайды. Дегенмен бiр жылдары «Жастар ауыл десе, ат-тонын ала қшады, маман тапшылығы мәселесi әлi де бiр жолға қойылмады» деген пiкiрлер айтылған. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары мұны аталған жобаның ендi ғана жүзеге аса бастаған уақытында ауылда жұмыс iстеуге ниеттi жастардың қатары сирек болғанымен байланыстырады.

Тек уақыт өте келе бағдарлама тиiмдiлiгiн түсiнiп, оның жемiсiн көрген маман көрсеткiшi көбейген. Олардың қатарында денсаулық сақтау, бiлiм беру, әлеуметтiк қамсыздандыру, спорт және агроөнеркәсiптiк кешен саласының мамандары бар. Жастарға көрсетiлетiн әлеуметтiк қолдау шараларын да тiлге тиек ете кетейiк. Соңғы жылдары облыс бойынша 4406 маманға 1,3 млрд теңге бiржолғы

көтерме жәрдемақы төленіп, 3511 маманға 9,1 млрд теңге тұрғын үй сатып алуға несие берілген. Сондай-ақ жобаны жүзеге асыру аясында берілетін бюджеттік несие көлемі бойынша облыс республикада алдыңғы қатардан көрінгені де есте. Бағдарлама игілігін көрген кадрлардың басым бөлігі Жаңақорған ауданына тиесілі.

Ауыл-аймақтардағы кадр жетіспеушілігі мәселесін шешуге бағытталған бағдарлама жас мамандарды қанаттандырып келеді. Ұлттық экономика министрлігі тараптан ресми ақпаратқа көз жүгіртсек, бағдарлама іске қосылған 10 жылдан астам уақыт ішінде 60 мыңнан аса жас ауылға тартылған екен. Байқағанымыздай, облыстағы қарқын жаман емес. Оның үстіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағдарламаны назардан тыс қалдырмай, биыл оны қаржыландыруды 20 млрд теңгеге жеткізуді тапсырды. Бұл – бағдарлама әлі де желілендіріледі деген сөз.

Мәжіліс депутаты Наурыз Сайлаубай «Дипломмен ауылға» бағдарламасының талаптарын қайта қарауды ұсынды.
«Қазақстанда 2009 жылы қабылданған «Дипломмен ауылға» жобасы бүгінге дейін жүзеге асырылып келеді. Жоба аясында келген маманға 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) бір жолғы көтерме жәрдемақы беріледі.

«АУЫЛҒА БАРҒАН ЖАСТАР ҚАЛАҒА ҚАЙТА КӨШУДЕ»

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖИЫН ӨТТІ



Қарағанды облысының «Спасск» оқу орталығында биыл халықаралық мәртебеге ие болған тоғызыншы әскери-патриоттық жастар жиынының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жас патриоттар жиыны қарсаңында өскен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбындағы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметіне сәртін беру қажеттігі туралы айтты. Осы тұрғыда Қорғаныс министрілігі тұрақты түрде өткізіп тұратын халықаралық жастар жиыны бұл жұмыстың белгілі бір нәтижесін көрсетсе керек. Салтанатты рәсім аясында «Бірлік ордасы» мобильді-көрме экспозициясының тұсаукесері, балалардың «Отан. Әскер. Жас сарбаз» сурет көрмесі, сондай-ақ «Айбын – достық мекені» аллеясына ағаш отырғызу шарасы өтті.

Рәсімнің ресми бөлігі аяқталған соң қатысушылар мен қонақтар үшін «Торубыл» роталық тактикалық тобы бөлімшесінің «заңсыз қарулы құрылымды» жоюдағы үлесімді қимылын көрсетті. Майдандық авиация ұшқыштары жоғары пилотаж фигураларын орындады.

ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАДА БАС ҚОСТЫ



Еліміздің атаулы күндер тізбесіне «Әкелер күні» мерекесі енгізіліп, маусымның үшінші жексенбісіне бекітілді. Осыған орай облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Әке – отбасы тірегі» кездесуі өтті.

«Әке» – ұлтымыз үшін шексіз ұлылық пен баға жетпес құндылық. Халқымыздың «Отан отбасынан басталады» деген нақыл сөзінің мәні тереңде жатса керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Берекелі әрі бақытты отбасы қуатты елдің тірегі», – деді. Отбасы құндылығын насихаттау баршаға ортақ міндет.

Шараға Республикалық ақпараттық-түсіндірме тобының мүшесі, теолог, дінтанушы Бақтияр Оспанов, облыстық «Волонтерлар Фронт-офисы» еріктілер штабының жетекшісі Болатбек Айтбеітбетов, ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша жастар ісі секторының жетекшісі Айтжан Жекенов қатысып, жастарға отбасындағы әке орнының қандай болатынын, әкеге деген құрметтің қалай жасалатынын айтып, тұшымды ойларымен бөлісті.

ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ



Қазір қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, қоғамда жемқорлыққа мүлдем тәзбеушілік қағидатын берік орнатуға ықпал ету негізгі міндеттердің біріне айналды. Ал жастар арасында аталған мәселені маңыздылығын айқындап, түсінік қалыптастыру – ортақ игілік жолындағы алғашқы қадамдардың бірі. Осы мақсатта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті мен облыстық «Жастар ресурстық орталығы» бірлесе жоғары және арнаулы оқу орнындарының студенттеріне ашық есік күнін өткізді.

Ашық есік күнінде жастар департамент ғимаратында болып, жұмыс барысымен танысты. Жастардың бойында жемқорлыққа қарсы дүниетанымы қалыптастыру, құқықтық білімін арттырып, жемқорлық көріністеріне тәзбеуге тәрбиелеу мақсатында өткен шарада департаменттің Превенция басқармасының бас маманы Мұрат Ысқақов негізгі бағыттарын айтып, «Antikor Oталығу» сервистік орталығының жұмысын көрсетті. Студенттер экскурсия барысында департаменттің тарихымен, бақылау-әдістемелік қамтамасыз ету тобының жұмысымен танысты.

Ал тұрғын үй сатып алу үшін жылдық 0,01 % мөлшерінде 15 жылға дейінгі мерзімге 1 500 (АЕК) айлық есептік көрсеткіште кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ескерілген. Бұл бағдарламаның жүзеге асып жатқанына 14 жыл болды. Мамандарға мұқтаж өңірлер көбеймесе, азайған жоқ. Өз міндеттемесін орындап, үш жыл ауылда жұмыс істеген мамандар тиісті мерзімі аяқталған соң жұпін бұлып-түйіп, қайтадан қалаға көшіп кетіп жатыр. Жылдар бойы бюджеттен қаржы құйылып келген бағдарлама неге міндетін мінсіз орындай алмай жатыр?», – деді Н.Сайлаубай Мәжілістің жалпы отырысында.

Оның айтуынша, көшкен жас мамандардың бағдарламадан айнып, қалаға қайтып кетуінің салмақты себебі – тұрғын үйді сатып алу қиындықтары және орталықтандырылған су мен жылуудың жабдықталуының жоқтығы.

«Нәтижесінде көптеген ауыл әлі күнге дейін тәжірибелі мұғалімсіз, білікті дәрігерсіз отыр. Мемлекеттен берілетін бірреттік 345 мың теңге неге жетеді?! Қазір азық-түліктің ауылдағы құны, қаладағы бағамен бірдей. Үйге деп берілетін 5 миллион теңгеге үй ала аласыз ба? Осы арқыла Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, ауылға барған мамандарға жағдай жасау мақсатында тиісті ұсыныстарды даярлады. Атап айтқанда,

Есірткінің медициналық мақсаттан бөлек теріс пайдалану – нашақорлыққа алып келеді. Нашақорлық дегеніміз – адамның есірткіге тәуелділігі. Бұл дерт жүйке қызметін өбден әлсіретеді.

НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ МІНДЕТІ

Есірткінің жастарға қолжетімді болып отырғаны, Қазақстан аумағына жана, оның ішінде өте күшті әсер ететін есірткілердің әкелінуі алаңдатып отыр. Олардың қатарында – психотропты заттардың жаңа синтетикалық аналогтары – синтетикалық каннабиноидтар бар. Ол өсімдік каннабиноидтарының құрылымы бойынша тектігі бірдей және фармакологиялық әсері ұқсас синтетикалық препараттар. Ол препараттар адамды ынталандыру, депрессиялық және елестеушілік күй жағдайға түсіреді. 2008 жылдан бастап «SPICE», «Spice Silver», «Spice Gold», «Spice Diamond», «Express Envolvor», «maу» деген шөгетін қоспалар ароматикалық құрал түрінде көбінесе интернет-магазиндер арқылы сатылды. Қоспалар құрғақ шөптерді химиялық заттар, ароматизаторлар, витаминдер және синтетикалық каннабиноидтармен малтып дайындалады. Қазіргі уақытта 160-тан аса синтетикалық каннабиноидтарының түрлері белгілі, сондай-ақ жана түрлерінің синтезі үнемі өсуде.

Есірткі айналымына мемлекеттік бақылауды күшейтуге бағытталған шаралар кешені шеңберінде есірткі бизнесіне қарсы күресті ғылыми және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің, ең алдымен сот сараптамасының әдістері мен

тәсілдерін қолданудың маңызы зор. Соңғысы есірткінің заңсыз айналымы туралы істер бойынша сот тәрелігі аясында маңызды іс жүргізу шешімдерін қабылдау сарапшылық зерттеу негізінде жүргізіледі. Облыста есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарының және прекурсорлардың сот сарапшылық зерттеу сараптамасы Қызылорда облысы бойынша сот сараптамалары институтында жүргізіледі.

Сарапшылық зерттеу ҚР заңнамаларын бұзумен жүзеге асырылатын, есірткі құрамды өсімдіктерді егу, жинау, өңдеу, дайындау және есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелу, шығару, тасымалдау, сақтау, тарату, сату, қолданумен байланысты олардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық істер бойынша

жүргізіледі. Нашақорлықтың алдын алу үшін бұл іске барлық мемлекеттік органдарын, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдарын белсенді тарту – күрестің алғышарттарының бірі. Қазақстанның күрделі геосаяси аймақта орналасуы, халықаралық лаңкестіктің күшеюі қылмыстың өсуіне кері әсерін тигізуде. Профилактикалық жұмыстарды белсенді жүзеге асыру, нашақорлар санының кемуіне, есірткіге деген сұраныстың азаюына, осы дертке қарсы күрестің басқа да әдістерімен қатар айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндіктер береді.

А. ӨМІРЗАҚОВА,
Қызылорда облысы бойынша сот сараптамалары институтының аға сарапшысы



Маң маң басқан маң басқан,
Шудаларын шаң басқан.
Дайындалған жорыққа,
Шуақ шашса таңғы аспан.

Күміс қылыш қолында,
Алтын құршы жолында.
Жортуылым жадағай,
Кеткен жаудың соңында.

Құстай ұшқан тулпары,
Өзі ердің сұңқары.
Жаратылған ерліктен,
Биік биік шыңдағы.

Қыран сынды қасқайып,
Қауіп төнсе бар ма айып.
Исатайдай батырмен,
Қалатұғын марқайып.

Арыстаным абадан,
Сан мың қолға жараған.
Сөзі қырлы бір сырлы,
Мың ішінде дара адам.

Желдей ескен тулпары,
Сауыт сайман былғары.
Жауға шапқан семсермен,

Батысымның елінде,
Бөкей орда төрінде,
Нарын құмның бойында,
Жасқұс деген жерінде.

Ерлік жиып кенірге,
Жау қалдырмас елінде.
Махамбеттей абадан,
Туған екен өңірде.

Жырлағанда жырымен,
Танылған сан қырымен.
Үлгі Алған Исатай,
Батырлардың бірінен.

Ант бұзбаған қырағы,
Ел қойнауы бұлағы.
Бола білген ең соңғы,
Қазақ елі жырауы.

Орыс келсе жапырған,
Қытай келсе сапырған.
Махамбеттей ер тулға,
Айналайын батырдан.

Мұз бүркенген ел үшін,
Қар жастанған ел үшін.
Кетті өмірден тым ерте,
Көре алмай жемісін.

Үйқы көрмей таңдарын.
Шалса дағы алға мың.
Жыр жауларын арнадым,
Сөз маржанын арнадым.

Орындаған арманың,
Ел деп шапқан алға мың.
Қиған еді Махамбет,
Отанын деп жандарын.

Арнамайын неге өлең,
Хас Батырым көреген.



Исатайдың шын бағы,
Өзі қолдап шыңдады.
Мың сөзіз жүз отыз алты,
Көтерілісті жылдады.

Жәңгір ханның екпінін,
Көріп тұрып кешті күн.
Жалыңға сап соққандай,
Батылдықтың көрігін.

Мұнар да мұнар мұнар күн,
Деп жырлаған шынарым.
Жағам деумен ұмтылды ау,
Еркіндіктің шырағын.

Алтынай БЕРК,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті

Басы. Жалғасы келесі санда

ӨТЕМІСҰЛЫ МАХАМБЕТ БАТЫР

Махамбеттей нағыз ер,
Мың сөзіз жүз жылдары.

Өзі ақын жыр жазған,
Сан мыңдаған оқырман.
Қазақ үшін туған ұл,
Тура түскен шырдардан.

Жаудың қанын су қылып,
Ішер асын у қылып.
Жүреқұтқан батырды,
Берген қазақ тудырып.

Тартынбай сөйлер ақылман,
Ойы тұрған нақылдан.
Аш жатырған ауылына,
Әкеліп бал татырған.

Композитор күйші шын,
Өнге арнаған түйсігін.
Талай күймен танытқан,
Күй өнері символын.

Қатарында атты өскер,
Төккен елге талай тер.
Қол бастаған осылай,
Шыншыл асыл нағыз ер.

Жасанған мол жауларға,
Қырандай төнген төбеден.

Тұлпарға тік тақымы,
Жалғыз қазақ жақыны.
Он тоғызыншы ғасырдың,
Ең көрнекті ақыны.

Өзі болған көшінде,
Туған жердің төсінде.
Заманының білімдар,
Адамның ішінде.

Жырмен жазған еңбегін,
Туған ақын елге күн.
Орыс, татар, арабтың,
Меңгері алған тілдерін.



Ертеректегі ғұлама-ғалымдардың пайымдауында, ел болып қалыптасу үшін бірқатар тіректердің болуы керекі айтылады. Олар – діні, тілі, жері, тарихы, ұлттық тағамы, ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Сондай-ақ ер ұлттың өзіне тән ерекшелігі тағы бар. Қазақ халқының ұлттық салт-санасы мен әдет-ғұрыптары ислам дінімен тығыз байланысты. Дін мен ділдің, салт-сайна мен шариғи ғұрыптардың өзара астасуы елдің бірлікте, ынтымақта өмір сүруіне негіз. Қазақтың киелі топырағынан қаншама ғұлама-ғалым шықты. Аты әлемге мәшһүр, екінші ұстаз атанған әл-Фараби, ақын-шайыр, сопы Қожа Ахмет Исауи, атақты ғалым Сұлеймен Бакыргани.

Олар үлкен ғалым болумен қатар барлығы да діннің аса білгір маманы еді. Біз, ескелең ұрпақ, осындай ұлы адамдардың жерлесі болғандықтан, олардың атына кір келтірмеуге тиіспіз.

Жалпы дін мен дәстүрдің өзара байланысы аса қажет. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігі,

әрбір іс-әрекеті дәстүрлі дінімізбен астасып жатыр. Мәселен, қазақтың ең үлкен дәстүрлі тойларының бірі – шілдеханна. Баланың дүниеге келуі – бір ғана отбасының сәсі бүкіл ауылдың, елдің қуанышы болған. Бала – өмірдің қызығы. Халық арасында «Балалы үй – базар, баласыз үй – кү мазар» деген аталы сөз бар. Сондықтан ата-бабаларымыз сәби дүниеге келген кезде салт-дәстүр бойынша жаңа туған нәрестеге арнап қой сойған. Бұл дәстүр шариғатта «қақика» деп аталады. Ал қазақ салт-дәстүрі бойынша «қалжа» делінеді. Атауы бөлек болғанмен негізгі атқаратын міндеттері бірдей. Яғни туған нәрестенің амаңдығы және жаңа босанған әйелдің күш жинап, әлденіп алуына да пайдасы мол. Қалжаға «қақика» қойы ер балаға екі, не бір қой сойған болған. Ал қыз балаға бір қой сойған. Сонымен қатар бұл үрдіс жаңа босанған әйелдің аяқ-қолын бауырына алып, ыстық сорпа ішіп, өз-өзіне дұрыс өсіп-қалыптасуына және әйелдің денсаулығы мықты болуына тігізер өсері келі. Ата-бабаларымыз босанған әйелді 40 күн бойына жылы үйде ұстап, ерекше күтім жасаған. Сүңкішке қарай, қазақтың салт-дәстүрін ысырып тастап, өзінің теріс идеологиясын қабылдап қысы келетіндер көзделесі. Олар тек құранмен ғана жүруі керек деп сүннет пен салт-дәстүрді тәрк етуде.

Шөкәрім атамыз мұндай ағымдарды «шатақ

дін» деп атаған. Жат ағымды ұстанушылар анасын жылатпай, атасын сыйламай «сенің қолыңнан тамак ішпеймін, өйткені сен намаз оқымайсың, сендер көпірсіндер» деп талайы тура жолдан адастыр келеді. Қазіргі таңда елімізде жат ағым өкілдеріне қарсы қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Дәстүр мен діннің ұқсастығы туралы бір ауыз сөзбен айту мүмкін емес. Сондықтан екеуін ескашан бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Дін мен дәстүрді ұштастыра білген талай ақын, жыршы, қара қылды қақ жарған билер мен қазаптарымыз ұрпақты ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелей білген. Осылайша исламның құндылықтары халқымыздың тілі мен тіршілігінде көрініс тауып, салтымен сабақтасып үйлесім тапқан. «Сөздің көркі – мақал» дегендей, дін мен салт-дәстүрдің сабақтастығы халық ауыз әдебиеті – мақал-мәтелдерінде айшықталған. Ар-ұят, иман, көркем мінез тұрасында «Ұят – иманнан», «Мүмкіндердің иман тұрғысынан ең кемелдісі – мінез-құлқы ең жақсы болғаны» деген хадистерге қатысты, «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ары таза нар жүгін көтереді», «Өлімнен ұят күшті», «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көрерсің», «Жақсы ниет – жарым ырыс» деген аталы сөздер соның дәлелі.

Інжу ЖАҚСЫЛЫҚ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
журналистика факультетінің
3 курс студенті



ДІН МЕН ДӘСТҮР
САБАҚТАСТЫҒЫ

ӨЗГЕ ЕЛДЕ СҰЛТАН БОЛҒАНША, ӨЗ ЕЛІНДЕ ҰЛТАН БОЛ

Білім – XI ғасырдағы ең басты құндылық. Қазіргі заман талабына сай жастардың түрлі мамандықты меңгеріп, оны ары қарай дамыту үшін магистратура, докторантура, резидентура оқуға деген құлшынысының артуы қуантарлық іс. Дегенмен оқуын шетелде жалғастырысмы келетіндер мен шетелде бастағысы келетін жастар да бар.

Өрине, шетелден білімі мен біліктілігін арттырып келіп, өзара тәжірибе алмасу елімізге қажет-ақ. Бүгінде көптеген жас «Бола-

шақ» бағдарламасы арқылы шетелде оқуға мүмкіндік алып отыр. Былтыр республикада аталған бағдарлама бойынша 1055 студент бөлінген екен. Деректерге сүйенсек, еліміздегі 5,7 миллион жастың басым бөлігі шетелде білім алуды көздейді. Шетелде оқып келген білімгерлер шетелдік білім беру жүйесінің артықшылығы – оқыту жүйесі біздікінен күрделі екенін айтады. Яғни, бізде мұғалім айтқан нәрсіні ертесіне оқушы дәл солай қайталап айтып берсе, жақсы бағаланады. Қойылар талап кем. Ал ол жақта мүлде басқа жүйе қолданылады-мыс.

Шетелде оқып келген жастар неге елге оралғысы келмейді? Оған бірден бір себеп: «Болашақ» бағдарламасымен оқып келген жастар елге келіп, мардымсыз жалақыға, айлықтан айлыққа жұмыс істегісі келмейді. Алайда бұған қатысты бағдарламаның өзіндік

шарттары бар. Мысалы, сіз Алматы, Астана қалалары арқылы оқуға қабылдансаңыз 5 жыл, ал ауылдан келген болсаңыз, 2 жыл көлемінде елге қызмет етуге, шетелден жинап келген тәжірибені өз еліңізде бөлісуге міндеттісіз.

Десе де жастардың айтуынша, білім қуған білікті мамандардың шетелде қалып қоюы тек жалақыға ғана келіп тірелмейді. Басқа да көптеген мәселе бар. Айта кететін болсақ, біздегі заң күшінің әлсіздігі, денсаулық сақтау саласы, қауіпсіздік, жемқорлық сияқты «қоғам дерттері» болашаққа деген жоспарына, іс-қимылына шектеу қояды.

Дегенмен елдің еңселі күші – жастар. Болашақ жастардың қолында деп ұрандатудан да жалықпаймыз. Ел ертеңі осылар деп «Болашақпен» оқуға жіберген жастарымыз

елге қайтуға ынтығасыз болса, ел болашағы да бұлыңғыр болмақ. Жастардың талабындағы тәртіпті қоғам мен атап өтілген мәселелерді шешу ерік-жігер керек екені сөзсіз. Елде болып жатқан мәселелерді қашпай, қайта соны шешу жолында қызмет ету – азаматтық. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген дана халқымыз. Өзінің бүгінгі ғана ойламай болашақ ұрпақты емес, әрбір азамат елде қызмет ету керек...

Інжу АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
журналистика факультетінің
3 курс студенті



QAZAQSTAN BARYSY GRAND SLAM: МАҒЖАН – ЧЕМПИОН



Қазақстандық спортшы Мағжан Шамшадин Астанада өтіп жатқан Qazaqstan Barysu Grand Slam турнирінің чемпионы атанды.

Мағжан 60 келіге дейінгі салмақта әлемдік рейтингте 15-орында тұрған Франция өкілі Седрик Револен татамиге шығып бақ сынасты.

Белдесу өте тартысты өтті. Себебі негізі уақытта қарсыластар бір-бірін жеңе алмады. Қосымша уақыттың өзі 7 жарым минуттан асты. Ақыры Мағжан оңтайлы әдіс жасап, жеңісті қанжығасына байлады.

Мағжан Шамшадин спорттық жолында ірі табысына қол жеткізді.

ЖЕҢІСТІ ЖОЛДЫ ЖАЛҒАСТЫРҒАН СПОРТШЫЛАР



«Аслан» спорт орталығына қарасты «Қазақ күресі» және «Дзюдо» үйірмесінің мүшелері осы аптада жеңісті жолды жалғастырды. Апта сайын жүлделі орындардан көрінетін спортшылар қала біріншілігінде жүлделі орынға ие болды.

Ең алдымен, қазақ күресінің шеберлері қол алтынды жеңіп алды. Бірінші тұрғыдан көрінген спортшылар арасында 35 келі салмақ дәрежесінде Мырза Сүлеймен, 42 келі салмақ дәрежесінде Аслан Мирамбекұлы бар.

Ал дзюдодан өткізілген қалалық біріншілікте 13 спортшы жеңіске қол жеткізді. 2010-2017 жылы туылған балалар арасында 20 келі салмақта Дастан Нұрланов II орын, Нұрислам Ақылбек II орын, 23 келі салмақта Нұралы Мирамбекұлы I орын, Бақдаулет Саятұлы III орын, 26 келі салмақта Дарын Қуанышұлы II орын, 29 келі салмақта Нұрғиса Бекболат III орын, Рахман Дарханұлы I орын, 32 келі салмақта Әділет Қалдыбек, II орын, 35 келі салмақта Арман Тұрғанбай I орын, Нұртілеу Сұлтанғазиев II орын, 38 келі салмақта Қуат Болат I орын, Алихан Мұханбетов II орын, 42 келі салмақта Бексан Жылқыбай I орын иеленді.

СЫРДАРИЯЛЫҚ СПОРТШЫЛАР ТОП ЖАРДЫ



Жуырда Алматы қаласында қазақ күресінен жасөспірімдер арасында қазақ күресінен және еркін күрес түрлерінен КСРО спорт шебері Рахымжан Байқұмаулының еске алуға арналған республикалық турнир өткен болатын. Аталған турнирде сырдариялық спортшылар бақ сынады.

Еліміздің 14 облысынан 650-ге жуық спортшы қатысқан жарыста қазақ күресінің палуандары айтарлықтай нәтиже көрсетті. Айта кетейік, +38 келі салмақта А.Шахарбек жүлделі I орын, 65 келі салмақта II орын иеленді.

«Байрақты бәсекеде қос спортшымыз жүлделі орындардан көрінді. Біз спортшыларымызды физикалық, моральдық тұрғыдан тәрбиелеп отырамыз. Осы жолғы жарысқа ұзақ уақыт дайындалдық. Бәзіктемде бәсекеге қабілетті болу білу – әрбір спортшы үшін маңызды рөл ойнайды. Балалар жақсы дайындықпен келгенін байқата білді. Алдағы уақытта бізді мықты жарыстар күтіп тұр. Өркез спортшыларды дамыта отырып, зор жетістікке қол жеткізе береміз. Қазіргі уақытта Сырдария ауданы бойынша қазақ күресі жоғары дәрежеде даму үстінде. Расында, біз ұлттық спорттың тоқтап қалмауы үшін жұмыс жасаймыз. Бәзіктемде жарқырайтын күн алыс емес», – деді спортшылардың бапкері Жасұлан Қауысов.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРӨВ

Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінде Қазақстан ұлттық құрамасы Солтүстік Ирландиядан басым түсіп, 3 ойын қатарынан жеңіске жетті. Мұндай жеңіліссіз сериялар құрамада соңғы рет 26 жыл бұрын болған. Осылайша жігіттер құраманың рекордын қайталады.

Футболдан 2024 жылғы Еуропа чемпионатына іріктеу сатысында Қазақстан құрамасы төртінші ойынын жеңіспен аяқтады. Кездесу барысында қос құрама үздіксіз шабуылға шыққанымен бірінші таймда есеп ашылмады. Қазақстандық теңбiлдоп шеберлері арасында бірнеше спортшы гол соғатын мүмкіндік туғанда мүлт кетті.

Тартысқа толы ойын ұлттық құрама үшін оңай болмады. Матчтың бірінші таймында алаң иелері қысым көрсетті. Біздің жігіттер бір ғана қауіпті шабуыл жасады. Бірақ Максим Самородов мүлт кетті. Одан кейін тайм соңына дейін қорғанысқа көңіл бөлді. Кездесудің екінші жартысында жерлестеріміз шабуылға ден қойды. Жанкүйерлер арасында қазақтың Бенземасы атанған Абат Айымбетов 81-минутта ойынға тыңнан қосылып, 88-минутта Мессидің стилінде жасыл алаңның ортасынан қарсылас құраманың бірнеше футболшысын алдап өтті. Қақпашымен бетте-бет шығып, жеңіс голын соқты. Осылайша Қазақстан құрамасы 1:0

есебімен басым түсіп, турнир кестесінде екінші орынға тұрақтады.

Ойын туралы Ұлттық құрама жаттықтырушысы Магомед Адиев БАҚ өкілдеріне мынадай пікір білдірді:



«Менің ойымша, ештеңе

айтудың қажеті жоқ, бәрі түсінікті. Біз өз сөзімізді алаңда дәлелдейміз. Ер адам, кәсіпқой футболшы көп сөйлемей, іспен көрсетуі керек. Сендердің қолдарыңнан келді. Жеңіс оңайлықпен келмейді. Тізеден аққан қан. Жыртылған гедры. Бұл – үлкен жеңістерге жетудің жалғыз жолы. Біз одан да үлкен жетістіктерді көздейміз. Тек осылай ғана өзімізге көрегің жұлып аламыз. Жігіттер, Сіздерде мінез бар. Біз оны тағы бір рет көрсеттік».

Матчтан кейін киім ауыстыратын бөлменің атмосферасын сөзбен

айтып жеткізу мүмкін емес. Футболшылардың қуанышында шек жоқ. Бір-бірін құттықтап, мез-мейрам болды. Аладоп шеберлері ойындан соң автобуста қазақтың хит әндерін тындап, Белфаст қаласын шұлапып қайтты. Құраманың жаттықтырушысы Магомед Адиев жігіттерді жігерлендіріп, ризашылығын жеткізді.

Жалпы, келер жылы өтетін Еуропа чемпионатына іріктеу ойындарында ұлттық құрама ойыншылары өз тобында үш ойын өткізді. Оның ішінде Словенияға есе жіберді. Сондай-ақ, Астанада Дания құрамасы 1 гол айырмасымен ұтса, Сан-Марино құрамасын 3:0 есебімен ойсырата жеңді.

Жігіттер «ұпай алып, жанкүйерлерді қуантамыз» деген сөзінде тұрды. Абат Айымбетов Уиндзор Паркте жалғыз голдың авторы атанды. Шабуылшы ұлттық құрама жейдесінде 29 ойын өткізіп, сегіз гол салған.

Бүгінде төртінші турдың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 9 ұпаймен Н тобында екінші орынға жайғасты. Асхат Тағыберген бастаған жігіттер 7 қырықүйек күн топта көш бастап тұрған Финляндия құрамасын қабылдайды. Жеңісті серияны жалғастыра алсақ, Еуропа чемпионатының да ауылы алыс емес.



Қазақ халқы отбасы құндылығын жоғары бағалайды. Қашанда отбасында атаның, әкенің орны бөлек. Ал әрбір азамат шыр етіп жарық дүниеге келген перзентінен үлкен үміт күтеді. Перзентінің биіктен көрінгенін қалайды. Сол мақсатта баласына барлық қамқорлығын көрсетеді.

Қазақстандық жанкүйерлер боксшы Гүлсая Ержанды жақсы таниды. Қазалы топырағында дүниеге келген қайсар қыз қазірдің өзінде шаршы алаңда шеберлігін танытып жүр. Былтыр құрлықтық долада жеңімпаз атанды. Ал Сербияда өткен халықаралық турнирде күміс медаль алды.

Қазалының Сарыбұлақ ауылында туған Гүлсаяны спортқа баулыған атасы.

– Ауылда жүргенде немеремнің спортқа бейім екенін байқадым. Қол күресінен қарсылас шақ келтірмейтін. Жанашыр інілерімнің бірі Гүлсаяны аудан орталығындағы спорт мектебіне беруге кеңес айтты. Сол мақсатта Әйтеке би

кентіне көшіп келдік. Мектепте оқи жүріп бокс үйірмесіне қатысты. Алғашқыда оны

бұйырмайды. Алдағы күнге үміт зор, – дейді атасы Ержан Исмаилов.



Қарапайым отбасында дүниеге келген боксшы қыздың әкесі – Ғалымжан жеке қожалық иесі. Жылқы шаруашылығымен айналысады. Анасы – Құралай бала тәрбиесіне көңіл бөліп, отбасы шырайын кіргізіп отыр.

– Қашанда отбасында әкенің орны бөлек. Менің үш балам бар. Жастайынан оларға жақсы тәрбие беруге тырыстым. Еңбекке баулыдым. Әрбір перзентің жақсы азамат болып өсуін қадағалау ер кісінің міндеті деп санаймын. Құдайға шүкір, балаларым ешқашан мені жерге қаратқан емес. Қазір немерелерге қарап, шаңырақ шауағына бөленіп жүрген жайымыз бар. Солардың бірі Гүлсая алға қойған мақсатына жету жолында үнемі ізденісте жүреді. Рас, бокс – қыз баласы үшін оңай емес. Алғашқыда оның жекпе-жегін қарауға шыдай алмайтын едік. Бірте-бірте бойымыз үйренді. Қазір ол тек біздің қызымыз ғана емес,



еліміздің Әнұранын шырқатып, көк туын желбіретсем деген ойда.

– Қашанда елдің үмітін ақтауға тырысамын. Өрине, барлық уақытта ойлағаның жүзеге аса бермейді. Десе де, маған сенім артқан елтімің,



ПАРИЖДЕ ТОП ЖАРУДЫ ҚАЛАЙДЫ

күреске береміз бе деген ойда болған едім. Алайда немеремнің қалауы болды. Білікті бапкер Бақытбек Құлбаев шәкіртін шыңдады. Талай жарысқа алынды. Гүлсая барлығында өзін жақсы қырынан таныта білді. Еліміздің білікті мамандары оның жігерін, өңбекжорлығын, жауалкершілігін жоғары бағалады. Ұлттық құрама сапына қабылдану екінің біріне

елдің мақтанышына айналды. Алда көптеген жарыстар бар. Олимпиада жақындап келеді. Өркез тілекшімін ғой, – дейді Ержан аға ағынан жарылып.

Қазір Гүлсая Көкшетау қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жүр. Негізгі мақсаттың бірі – Олимпиада жолдамасына қол жеткізу. Алдағы жылы Франция астанасы – Париж қаласында өтетін беделді бәсекеде

жерлестеріміңн және отбасымның қолдауы әрдайым қанаттандырады. Жақында ғана әкелер күнін атап өту белгіленгенін білдім. Бұл – өте жақсы бастама. Әкені қадрілеу, оның беделін отбасындағы қоғамдағы жалпы ел болудағы орын бағалай білу керек. Сондықтан мен үшін де атам мен әкеміңн орны ерекше, – дейді Гүлсая.

Ө.ТАЛАПТАН

ӨЙЕЛ VS IT

Заманына қарай – маманы. Соңғы жылдары мемлекет ішінде де, шетелдерден де қазақстандық IT саласының қызметкерлеріне сұраныс артып...

Аталған сала бойынша бірінші соң бірі жарияланған жатқан жобалардың түр төркіні де осында. Жыл басында Astana Hub Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат бөліміндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп отырып...



вебинарлар, воркшоптар, тікелей эфирлер, Q&A сессиялардан тұрады. Ең бастысы – қатысуға ниетті жұмыссыз, үй шаруасындағы, бала күтіміндегі әйелдер үшін онлайн форматта өткізу қарастырылып отыр.



дүниені меңгеруге маңыз берген бағдарламаның үздік 100 қатысушысы курс соңында салтанатты түрде марапаттауға



2000 маман дайын болды делік. Оларға жұмыс табыла ма? Қаншалықты сала маманынан сұраған едік.

Топтық Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуіңізге жәрдем берсін. Демалыңыз тым күш пайда болмай...

Торпақ Сіз үшін ең жайлы апта болғаны түр. Түйсіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің досынан екенін айқын білдіреді.

Егіздер Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жағары...

Шағын Бойынды шығармашылық көрсетіңіз. Дәл осы сәтті тәжірибелік, шығармашылық айналысыңыз. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көюіңізді кеңейтіңіз...

Артыстан Айналанды тыныштық орнатыңыз. Себебі бұл аптада сізге жұмысқан қуатты орнын толықрау керек. Мүмкін болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз.

Бікеш Өрпітестерден көмек сұрап, қол ұшын сөзгандарды кері итересіз. Өсек-аянға мән бермеңіз, ол сізге жеткенге дейін мың қыбылған болуы өбден мүмкін.

Таразы Бірнеше істі мойында қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс істезіңіз.

Сарышаян Бұл аптада табиғат аясында сейіп құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны да аз болды.

Мәрген Бұрыннан келе жатқан шиеленіскен мәселенің бір ұшы қолыңызға ілігеді. Сәтті жібекті алмаңыз.

Сұққүйрек Пайдалы тиетін ықпалды тыныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз.

Балықтар Дәл қазір сізге ең көрегі – бойныңызды бексіндітіп, тынышу. Және өмірде оры алатын қолыңызды тоқсыныңыз.



Ала-ау, атамның алақаны сиқырлы, иә? – деп бар сырды ашып қойдым. Сонда ол: – Иә, атамның алақаны сиқырлы ғой шіркін, деп мендегі ойға ой салды.

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті 10 жылдығына орай және осы редакцияда болашақ қаламгерлердің шығармашылығын шыршадағы үлес қосқан қаламы қарымды әріптесіміз Сара Омарованы еске алуға арнап «Ең үздік жас журналист» облыстық байқауын жариялады.

Байқау жеңімпаздары қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Жалпы жүлде қоры – 300 мың теңге. I орын – 100 мың теңге, II орын – 60 мың теңге, III орын – 40 мың теңге.

Жалпы ереже: – Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады. Мақсаты: – Жас журналистердің шығармашылығын дамуына қолдау көрсету.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар: – Байқауда ұйымдастырылатын мақсатында редакция жанынан Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға 29 жасқа дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тіпшілер мен тұлғалар қаламгерлер, журналистика факультетінің студенттері қатысуға алады.

Байқау материалдарын сараптау басында тасарлатын өзектілік және маңызы, мазмұнын ашылу тереңдігі, шынайылығы, және әдістерді қолданысқа енгізе білу, тіл және стилін ұтымдылықты, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі.

Vertical banner for 'ЖАС ЖУРНАЛИСТТЕР БАЙҚАУЫ' with contact information for the organizing commission.

Large illustration of a hand holding a flower, with text about the 'Жас жорғаға отырғызуын сұрадың' (I asked to plant a young horse) theme.

Large illustration of a hand holding a flower, with text about the 'СИҚЫРЛЫ АЛАҚАН' (Magical Hand) theme.

Table with contact information for 'Ақмешіт жастары' journal, including address, phone, email, and website details.